

**"Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 204 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 05 желтоқсандағы № 261 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 желтоқсанда № 4820 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 24 мамырдағы № 295 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 24.05.2019 № 295 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 - бабының 1- тармағы 15) тармақшасына және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 - бабының 5 - тармағына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 204 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4667 нөмірімен тіркелген, аудандық "Тұран Қазалы" газетінің 2014 жылғы 24 мамырдағы № 43 сандарында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін.

1-тармақ мынадай жана редакцияда жазылсын:

"Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, спорт, мәдениет, білім берудің педагог қызметкерлеріне және ветеринария саласындағы мамандарға, оның ішінде ветеринариялық пункттердің мамандарына тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға бюджет қаражаты есебінен 4 (төрт) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы түрінде әлеуметтік көмек берілсін."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК